

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Әлем назары – Астанада



ЭКСПО-ға дайындық жұмыстары бүгінде соңғы шегіне жақындап қалды. Қазір халықаралық павильондардың құрылысы толығымен аяқталып, оларды көрме қатысушыларына табыстау басталды. Бұдан басқа, коммерциялық павильондар мен Қоғамдық коммуникациялар орталығының құрылысы аяқталды. Онда Бірыңғай қызмет көрсету орталығы, Аккредиттеу орталығы және Медиаорталық орналасқан. Өткен жылдың соңына дейін мемлекеттік сараптамадан 11 нысан өтті.

Бұл шараға қазіргі таңда төрткүл дүние назар аударып отыр. Мәселен, «The New York Times» газетінің 2017 жылға жасаған рейтингінде де Астанадағы ЭКСПО аталды. Басылымның жазуынша, 2017 жылы баруға кеңес беретін орындар қатарында Астанадағы ЭКСПО көрмесі де бар. Америкалық басылым саяхатшыларға 52 бағыт ұсынған. Бұл рейтингте ЭКСПО халықаралық мамандандырылған көрмесі өтетін Астана қаласы 26-орында тұр.

«2017 жылы Қазақстан астанасында халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесі өтеді. Көрменің тақырыбы – «Болашақ энергиясы», деп жазылған басылым материалында Астанада соңғы жылдары ашылған таңғажайып мейманханалардың көптігі де айтылыпты.

Қазіргі таңда Астанадағы ЭКСПО аумағында павильондарды халықаралық қатысушыларға беру жұмыстары жүргізілуде. Тіпті, Беларусь, Венгрия, Германия, Қытай, Ресей, Сингапур, Түркия, Франция, Иордания сияқты мемлекеттер павильондарын жабдықтау жұмыстарына кірісіп те кетті. Сонымен қатар, қатысушыларға тұрғын жайларды беруде басталды. «Expo2017astana.com» ақпараттарына сүйенсек, комиссарлардан 324 өтінім түскен. Бұл тұрғынжайлар өтеусіз емес, қонақтар тұрған уақытына жалдау ақысын төлейді. Көрмеден кейін олар қазақстандықтарға өткізілетін болады. Сөйтіп, елордамыздың тұрғын үй қоры 4 400 заманауи жайлы пәтермен толығады. Бір жылдың ішінде ЭКСПО аясында 1 млн шаршы метр тұрғынжай салынған.

Негізінен ЭКСПО дағдарысқа қарсы жоба деп бағаланған. Мәселен, отандық тауар өндірушілерді қолдау үшін барлық облыстардың әкімдіктерімен ынтымақтастық туралы меморандум жасалған. Нәтижесінде, бүгінде 322 отандық тауар өндірушілер тартылған, жалпы сомасы 48,9 млрд теңгеге келісімшарттар жасалды. Қорытындысында жоба бүкіл Қазақстан бойынша 50 мыңдай жұмыс орнын құрып, сақтауға мүмкіндік берді. Бұдан басқа, демеушілік қаржы ретінде 126 млн еуро, сонымен қатар, инвестиция ретінде 211 млрд теңге тартылған. Бұл туралы «Астана ЭКСПО - 2017 » ҰК » АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов жыл қорытындысына арналған Қоғамдық кеңес отырысында мәлімдеді.

Қазіргі уақытта 18 халықаралық ұйым және 112 ел көрмеге қатысатындықтарын растаған, олардың 108-і өз комиссарларын тағайындады. 94 келісімшартқа қол қойылды. 75 ел ұлттық күндерін өткізетін уақыттарын алдын ала белгілеп, Ұлттық павильондардың 89 тұжырымдамасы алынған. Сондай-ақ, көрмені халықаралық деңгейде насихаттау, жетілдіру, билеттер сату, туристер тарту және еріктілерді дайындау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ал Халықаралық қатысушылардың кезекті кеңесін өткізу алдағы ақпан айына жоспарланған.

Жақында Біріккен Араб Әмірліктерінің астанасы ӘбуДаби қаласында «Астана ЭКСПО-2017» және «ЭКСПО Дубай-2020» арасында ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Құжатқа «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов пен «ЭКСПО Дубай-2020» бюросының атқарушы директоры Наджиб Мохаммед әл-Әли қол қойды. Құжаттың қол қойылуы БАӘ-ге Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ресми іссапары және ӘбуДабидегі «Болашақ энергиясы» бүкіләлемдік 10-шы мерейтойлы саммит аясында жүзеге асты.

Меморандум аясында екі жақ 2017 жылы Астанада және 2020 жылы Дубай қаласында өткізілетін ЭКСПО көрмелеріне дайындық барысында өзара қолдау көрсетуге келісті. Сөйтіп, халықаралық дәрежедегі көрмені ұйымдастыру мен өткізудегі тәжірибе мен білім алмасу мақсатында екі жақ арасында арнайы жұмыс тобы құрылмақ.

Динара БІТКОВА